

Вирус/Пандемия/Эпидемия  
туралы оқығыңыз келсе:

#### ОҚУЛЫҚТАР:

- Соня Шах «Пандемия:  
Всемирная история смертельных инфекции»
- Яна Вангер «Вонгозера: Эпидемия»



#### ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР:

- «Коронавирус: Все, что нужно знать» (2020)
- «Анатомия пандемии»

#### ФИЛЬМДЕР:

- «Вирус» (2013)
- «Эпидемия» (1995)
- «Заражение» (2011)

#### Байланыстар Бас Кеңсе

060001, Қазақстан Республикасы, Атырау қ-сы

Тел: +7(7122) 309 009

Факс: +7(7122) 304 300

E-mail: [westdala@westdala.isker.kz](mailto:westdala@westdala.isker.kz)

«Қауіпсіз еңбек мәдениеті» тобы  
ТШО қалашығы, «West Dala» базасы



## СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

XXI ғасырда Атипиялық пневмония (SARS 2003 жыл)  
Құс тұмауы (2003 жыл)  
Шығыс респираторлық синдромы (MERS, 2012 жыл)  
Эбола (2014-2015 жылдар)  
Зика безгегі (2016 жыл) секілді жұқпалы  
аурулар біршама әуреге салды.

### ЭПИДЕМИЯ

(грек, epidemia) індет – жұқпалы  
аурудың қалың көпшілік арасына  
(белгілі бір жерге, елге) жаппай таралуы.  
Аурудың таралу ауқымымен  
жұқтырғандар саны арта түссе,  
эпидемия пандемияға айналды.

### ПАНДЕМИЯ

Жаңа ауру түрінің жаһандық ауқымда таралуы.  
Гректің «pandemos» деген сөзінен шыққан.  
Қазақшасы – «барлық адамға тиесілі».  
Мамандар бұл терминді әлемнің  
түкпір-түкпіріне таралған жағдайда қолданады.

Пандемия сөзінен қорқудың қажеті жоқ,  
бұл аурудың қауіптілігінен бұрын оның  
таралу ауқымын білдіреді және  
жұқпалы ауруларда ғана қолданылады.

# ПАНДЕМИЯ

Испандық тұмау 1918-1920 жж.  
«Бірінші дүниежүзілік соғысы» аяқталар  
уақытында Испания елінде бастау алған.

## Шығу тарихы:

Тазалық деңгейінің төмен болуы;  
Жауынгерлер мен қашқындар лагерінде  
адамның тым көп орналасуы,  
дұрыс тамақтанбау салдары.

## Белгілері:

Беті көгеру, қанды жөтел.

## Ауруға шалдыққандардың орта жасы

20-40 жас.

## Адам өлімі:

50-100 млн.

## А/H1N1 2009-2010 жж.

«Доңыз тұмауы» деген атпен белгілі А/H1N1 вирусына  
қатысты пандемия жарияланды.  
2009 жылдың 27 тамызындағы жағдай бойынша,  
255 716 жуық жұқтыру дерегі тіркеліп,  
әлемнің 140 астам елінде 2 627 адам көз жұмды.

## Covid-19 ҚАНДАЙ ВИРУС?

Covid-19 – жұқпалы жолмен тарайтын  
коронавирустың жаңа түрі.

Индет ошағы - Қытайдың Ухань қаласы.

Коронавирустың негізгі белгілері  
респираторлық ауруға ұқсайды:

- дене қызуының көтерілуі;
- шаршау;
- құрғақ жөтел.

## ВИРУС ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Covid-19 жұқтырған науқас жөтеліп, түшкірген кездегі  
мұрын мен ауыздан шығатын ұсақ тамшылар  
арқылы адамнан адамға жұғады.

Тамшылар заттарға жұғып ауаға тарайды.

Оларға жанасқан соң, вирус көзге, мұрын  
мен ауызға түседі. Сол себепті науқас адамнан  
бір метрден астам қашықтықта алшақ жүру керек.

Коронавирустың шығу тарихы әлі күнге дейін зерттелуде.


# АТАЛМЫШ ПАНДЕМИЯЛАРҒА ОРТАҚ НЕ БАР???

## БЕЛГІЛЕРІ:

- Дене қызуының көтерілуі
- Шаршау
- Құрғақ жөтел

## ТАРАЛУ ЖОЛДАРЫ:

- Ауа тамшылары
- Қол жанасқан беткейлер



## САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ:

- Қол мен бетті сабынмен жиі және мұқият жуу;
- Қолға арналған спирттік антисептикті қолдану;
- Көп адам жиналған орындардан аулақ болу;
  - Далада түкірмеу;
- Науқас адамдармен байланысқа түспеу;
  - Әлеуметтік ара-қашықтықты орнату;
  - Оқшаулану;
- Салқан тию белгілері пайда болғанда дереу жедел жәрдем шақыру қажет;
  - Маскалық режимді сақтаңыз.

ҚР аумағында «Covid-19»  
коронавирусының таралуына байланысты,  
көпшілікке жұқтырудың алдын алу – ол  
сыртқа шығуды шектеу болып табылады.  
Үйде отыру арқылы, өз және өзгенің  
де өмірін сақтай аламыз!

